



Жангожина М.С. – магистрант  
Казахский университет технологий и бизнеса,  
г. Астана, Казахстан

## ҰЛТТЫҚ МҰНАЙ КОМПАНИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЖАНДАНДЫРУДА АТҚАРАТЫН РӨЛІ

*Инвестиции – связанное с риском размещение капитала с целью получения дохода. При капитализме инвестиции являются неотъемлемой составной частью экономики. Инвестиции отличаются от кредитов степенью риска для инвестора (кредитора) – кредит и проценты необходимо возвращать в оговоренные сроки независимо от прибыльности проекта, инвестиции возвращаются и приносят доход в прибыльных проектах.*

*Investments are the placement of the capital connected with risk for the purpose of obtaining the income. Under capitalism investments are the integral component of economy. Investment differ from credits of in the risk degree for the investor (creditor), i. d. the credit and percent need to be returned in the stipulated terms irrespective of profitability of the project, investments come back and bring in the income in profitable projects.*

Қазіргі кезде Қазақстанның мұнай-газ кешені ең қарқынды дамып келе жатқан саласы болып табылады және экспорттық өнімнің көп үлесін өндіреді. Инвесторлар үшін ол жоғары табысты ұзақ мерзімді инвестиция салымдарының сферасы болып табылады.

Қазіргі кезде мұнай өнеркәсібі елдің экономикалық дамуын қолдап отыр және болашақта Қазақстан экономикасының басқарушы саласының бірі болуға мүмкіндігі бар. Сәйкесінше Қазақстан мұнай мен газды болашақта ірі өндіруші және экспорттаушы ретінде, сондай-ақ инвестиция салудың перспективті нарығы ретінде де әлемдік қоғамдастықпен қарастырылуы керек. [1].

Әлемдік тәжірибеде шикі мұнайды өндіру мен экспорттаудың көп бөлігі ұлттық мұнай компаниялары (ҰМК) арқылы жүзеге асады, яғни мемлекетке тиесілі компаниялар арқылы. Сондықтан мемлекеттік компаниялардың стратегияларын компанияның, әрі кен орындарының меншігі болып табылатын сол немесе басқа елдің стратегиясы ретінде қарастыруға болады.

ҰМК құру кезіндегі мемлекеттің мақсаттары. ҰМК рөлі мен орнын талдау және бағалау кезінде ұлттық деңгейге ие сол немесе басқа компаниялардың құрылу шарттарын қарастырған жөн.


Ереже бойынша, ҰМК-ны құрудың негізгі мақсаттары ішінде басты үшеуі маңызды болып келеді:

- 1) Мұнай-газ секторындағы операцияларды мемлекеттік бақылаудың тиімді жүйесін құру;
- 2) Алдағы техникалық тәжірибе мен білімдерді жинау мен тарату үшін жағдайлар мен алғы шарттар құру;
- 3) Мемлекет пен қоғам мүдделеріндегі, мұнай кешені қамтамасыз ететін қосымша табыстарды тиімді бақылау мен тиімді шоғырландыру. [2].

Көптеген мемлекеттер ҰМК-ны құру кезінде мұнай кешенін басқару өте ерекше және маңызды екендігін жақсы білді. Оның ерекшелігі тек қана мұнай кешені қалыптасуының сыртқы факторлары мен шарттарының күштілігімен (ең бастысы, мұнайға деген баға динамикасы) ғана түсіндіріліп қоймайды, сондай-ақ бір кен орындарының шығуымен, басқасының кіруімен, ғылыми-техникалық жаңалықтардың енуімен және т.б. байланысты оның сипаттамаларының жиі өзгеріп отыруымен де түсіндіріледі.

Екінші жағынан, ҰМК мынадай жағдайларда қалыптасады:

- Елдердің ұлттық (сондай-ақ, саяси және экономикалық) дербестік алуы - ҰМК-ның қалыптасуы кезіндегі



«жарылыс» 1970-жылдарга келуі кездейсоқ емес;

- Елдердің мұнай өндірушілер «клубына» кіруі (бұл 1960-1970 жылдары болды, мысалы, Норвегия және Біріккен Патшалықпен). [3].

ҰМК-ның екі түрлі дәрежесі – коммерциялық және мемлекеттік басқару функцияларының байланысуы – болашақ қақтығыстардың негізін құрайды. Қақтығыстар ішкі, сондай-ақ сыртқы себептермен болуы мүмкін. Ішкі себептер компания шеңберінде коммерциялық және мемлекеттік приоритеттердің балансын қолдаудың басты қиыншылықтарынан болады. Сыртқы себептер екі жағдаймен байланысты:

- ҰМК-ның рөлі мен орнын басқа мұнай компанияларымен ұқсастырудың маңызды қиыншылығымен, және өз функцияларын дамыту мен орындауға олардың қарсы тұруымен байланысты;
- Компания мен мемлекет мүдделерінің балансын сақтау қиындығы. Бірінші сыртқы себеп – бұл ҰМК-ға қарапайым компаниялар жағынан қарсылық көрсетуімен байланысты, себебі олар оны жоғары деңгейлі бәсекелесті көреді. Бұл қарсылықтан ешқашан қашып құтылуға болмайды, бірақ қарсылықты кішкене жұмсартуға болады.

Екінші сыртқы себеп – мемлекеттің сектордағы ерекше позицияларынан алынған ҰМК-ны жүзеге асыруға байланысты. Ереже бойынша, ҰМК өте тез түрде оны жасаған мемлекетпен өзінің қаржылық-экономикалық қуаттылығымен салыстырмалы болып келеді. Бұл соңынан компания қызметіне және де оның бөлімшелеріне әртүрлі шектеулер қоя отырып, ҰМК мен мемлекеттің қақтығыстарын шақыртады және күшейтеді. [4].

Қазақстанның мұнай-газ саласын қазіргі кезеңдегі дамуы 1991 жылы, республика дербестік алуымен басталды. Экономиканың ашықтығына арналған, Қазақстан Үкіметімен өткізілген беталыстар саланың дамуы үшін ірі

сыртқы салымдардың түсуіне мүмкіндік берді. Шетелдік инвестициялар кен орындарын жетілдірумен, іздеу-барлау жұмыстарымен, өңдеуші кәсіпорындарды қайта құрумен, мұнай мен газды тасымалдаумен байланысты 26 ірі жобаларға тартылды. Мұнай-газ өнеркәсібіне бірлескен шетелдік инвестициялар 1996 жылы 1,88 млрд. АҚШ долларын құрады. Шетелдің қатысуымен жүзеге асырылып жатқан жобаларға түскен потенциалды инвестициялар 35 млрд. долларға жуық деп бағаланды. Жаңа компанияның құрамына мемлекеттік «КазТрансОйл», «КазТрансГаз» компанияларының активтері (бұл компаниялар құрылатын холдингке «бірдей құқықтармен» кіреді) және ұлттық теңіз «Казмортрансфлот» компаниясының акцияларының 50%-дық пакеті мен мұнай және газ тасымалдаушы компанияның тиімді қызмет етуі үшін қызметтер мен инфрақұрылымды ұсынатын басқа бірқатар құрылымдардың да акциялары берілген. Атап айтқанда, «Мұнай-газ тасымалдаушы» ұлттық компаниясының жарғылық капиталына келесілер кірген:

- «Ақтөбемұнайбайланыс» АҚ – акциялар пакетінің 90%-ы;
- «Мұнай-Импэкс» АҚ – 99%;
- «КазТрансБайланыс» АҚ – 90%;
- «Атырау халықаралық аэропорты» АҚ – 100%;
- «Байланыс» АҚ – 3,5%.. [5].

2000 жылдың 20-ақпанында ҚР Президентінің №811 «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекет мүдделерін келешекте қамтамасыз ету бойынша шаралар туралы» жарлығына сәйкес мемлекеттің 100%-дық үлесі бар жабық акционерлік қоғам ретінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы құрылған. Жарлыққа сәйкес «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мұнайды стратегиялық маңызды ұлттық өндіруші мен көмірсутектерді барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау бойынша өкілетті орган болуы қажет еді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

• Компанияның негізгі еншілес ұйымдары келесілер: мұнайды өндірумен айналысатын «Ембімұнайгаз» және «Өзенмұнайгаз»; мұнайды қайта өңдейтін зауыт «Атырау мұнай өңдеу зауыты» және мұнай мен газды тасымалдауды жүзеге асыратын «КазТрансОйл» және «КазТрансГаз». [6].

«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы көптеген бірлескен кәсіпорындардың, соның ішінде Қазақстандағы мұнай және газды ірі өндірушілердің бірі – «ТенгизШевройл» ЖШС-ның серіктесі болып табылады.

Даму жоспарын өткізу үшін Компания алдына келесі мақсаттарды қояды:

1) «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясының қолда бар активтерінің дамуы өндірістің әртүрлі секторлары арасында қаржыландыруды қайта бөлусіз меншікті реинвестициялар есебінен жүзеге асады;

2) Компанияның жаңа инвестициялық жобаларының дамуы компанияның қолда бар активтерінің экономикасына әсер етпей қаржыландырудың сыртқы көздерін тарту есебінен жүзеге асады;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі сәйкес қаулыны қабылдау жағдайында «Атырау МӨЗ-ді» реконструкциялау жобасын қаржыландыру көзі ретінде «ТенгизШевройл» компаниясынан ссудалық пайыздарды және негізгі қарызды өтеу бойынша жалпы сомасы 165 млн. АҚШ долларынан кем емес төлемдерді тарту жоспарланған;

4) «Амангелді» газ кен орнын меңгеру жобасын өткізу оны қаржыландыруда мемлекеттік қолдау есебімен жүзеге асырылуы ұйғарылған;

5) Даму жоспары Каспий теңізінің солтүстік шельфін меңгеру кезінде компанияның инвестициялық тартымдылығы мен жоғары несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін компанияның қолда бар активтері портфелінің тұрақтылығын көздеген. [2].

Қазақстанда шетелдік иинестицияны тартуды мақсатты түрде басшылыққа ала отырып, оның екі негізгі мүмкіншіліктерді еске алу керек:

1) Қазақстанның табиғат ресурстарына байлығы. Қазақстан территориясы Еуропа мен Азияның түйіскен жеріндегі стратегиялық маңызды жерге орналасқан және Еуропа мен Азияның кең ауқымды рыногының байланысын жеңілдетуге мүмкіндігі мол.

2) Қазақстанда оқымыстылар, техниктер, маманданған және жартылай маманданған жұмысшыларды қосқанда адам ресурстарының жақсы білімді және әртүрлі ұлт-ұлыстық резервінің (қорының) жеткіліктілігі.

Бірақ та әрбір айтылған факторлардың өз деңгейінде шектелулері бар, оны мойындай және ескере білу керек:

1) Қазақстан құрғақ құрлықта орналасқан және ыңғайлы, арзан, көлемді мұхиттың сауда флотына жақын орналаспаған;


2) табиғат ресурсын, өндіріс ресурсын өңдеуге, тазалауға, бөлшектеуге, тасымалдауға қосымша қажетті шығындарды да есептеу қажет.

Экономиканың нақты секторындағы инвестициялық сфера, әсіресе өндірістің техникалық дамуы шаруашылық қызметтің қатысушысы ретінде әлі де артта қалып келеді. Шаруашылық субъектілердің өздерінің жеке жинақтауына негізделген, инвестицияны қаржыландырудың көздерін іздестіру мен реттеу арқылы басқа да аспектілері – ұзақ мерзімді қаражат салымына тұрақты ынталандырушы механизмді құру, өндірістік аппаратты жаңарту да шаруашылық субъектілердің әрдайым қажеттілігін көрсететін және инвестицияға бейімделген қолайлы рыноктық ортаны қалыптастыру.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Инвестиция туралы» Қазақстан Республикасының заңы // 20 қаңтар 2003 жыл.

2. Инвестиции в реальный сектор экономики: проблемы оценки и развития: Мо-



нография. – Алматы: Экономика, 2000. - С.92-170.

3. Указ Президента РК № 2035 «О мерах по повышению эффективности государственного управления и регулирования процессов привлечения иностранного капитала в экономику РК» от 19 января 2002 года.

4. Нурланова Н.К. Формирование и использование инвестиций в экономике

Казахстана: стратегия и механизм. – Алматы, Гылым, 1998.- 45-235с.

5. Горфинкель В.Я. Экономика предприятия. Учебник. – Москва: ЮНИТИ, 2000.

6. Хамитов Н. Проектное кредитование и его использование в Казахстане. – В сб. «Развитие открытой рыночной экономики Казахстана». – Алматы: Экономика, 2002. - С.127-134.

